

Ғабит Мүсірепов атындағы аудан территориясында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 91 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 18 мамырда N 13-5-93 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 22 қаңтардағы N 9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 22.01.2014 N 9 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 5-бабына, 7-бабы 2) тармақшасына, "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" азақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 қаулысы 1.5. тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі айқындалсын (**қ о с ы м ш а ғ а** **с ә й к е с**) .

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың мақсаттық тобына жататын тұлғалардың жұмыспен қамтылуын қолдау мен әлеуметтік қорғау бойынша іс-шаралар қарастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айбек Оралбекұлы **Күшеновке** жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткенен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Тасмағанбетов

Ғ а б и т

М ү с і р е п о в

а т ы н д а ғ ы

а у д а н

ә к і м д і г і н і ң

**Халықтың мақсатты тобына жататын
тұлғалардың қосымша тізімі**

1. 29 жасқа дейінгі жастар.
2. 50 жастан асқан тұлғалар.
3. Арнайы орта және жоғары оқу орындарының түлектері.
4. Ұйымдар штаты мен санын қысқартуға байланысты босаған тұлғалар.